

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ФАКУЛЬТЕТ СОЦИАЛЬНЫХ НАУК**



**«ПРОФЕССОР С. М. ЖАҚЫПОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ» АТТЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ**



МАТЕРИАЛЫ

**РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ «ПРОФЕССОР С. М. ДЖАКУПОВ И
РАЗВИТИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ В КАЗАХСТАНЕ»**

28 апреля 2015 года

АСТАНА - 2015

УДК 159.9 (091) (574)

Редакционная коллегия

Шалгынбаева К.К. – доктор педагогических наук, профессор
Ерментаева А.Р. – доктор психологических наук, профессор
Бекова Ж.К. – кандидат психологических наук, доцент
Мандыкаева А.Р. - кандидат психологических наук, доцент
Байсарина С.С. - кандидат педагогических наук, доцент

«Профессор С.М. Джакупов и развитие психологической науки в Казахстане»: Сб. статей
Республиканской научно – теоретической конференции (г.Астана 28 апреля 2015г.)
– Астана: ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, 2015. – 219 с.

ISBN 978-601-7429-81-2

В настоящий сборник включены материалы Республиканской научно – теоретической конференции «Профессор С.М. Джакупов и развитие психологической науки в Казахстане» (г.Астана 28 апреля 2015г.). – 243 стр.
Материалы предназначены для молодых ученых, преподавателей, студентов, магистрантов, докторантов.

ISBN 978-601-7429-81-2

© ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2015

«Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі», «Жастардың сөйлеу мәдениеті», «Болашақ бүгіннен басталады», «Тылсым дүние құриясы» т.б. тақырыптарда баяндамалар, бейнероликтер қаралып, ой-пікір алмасу жүргізіледі. Бірінші курс студенттерінің жатахана өміріне бейімделуіне, жатахана ішіндегі тәртіппен ережелерді қабылдауына, басқа тұрғындармен үйлесімді қарым-қатынас орнатуына тиімді ықпал ету үшін оларға арналған әлеуметтік-психологиялық тренингтер өткізіледі. Студенттер осы іс-шараларға үлкен белсенділікпен араласып, қызығушылық танытады. Кейде өздері көрсетілім қоюға, жақсы өсиет әңгімелер айтуға, мотивациялық фильмдер әкеліп, соны талқылауды ұсынып жатады. Бұдан біз тәрбие жұмыстарында көтерілетін мәселелер оларды ойландыратынын, таным-түсініктерін байытуға деген ниеттерін байқатады. Жалпы имандылық, сыйластық, мәдениеттілік, сабырлық, шыдамдық сияқты құндылықтар студенттер арасында өзекті мәселелердің бірі екенін айқындайды.

Олай болса, адамзат тарихы әрқашанда өзгеріп, жаңарып отырса да өзгермейтін мәңгілік абсолютті құндылықтар бар, солардың қатарына отбасыдағы сыйластық, үйлесімділік, адамгершілік және т.б. құндылықтары. Әркімнің ортасы – шағын мемлекеті. Шағын мемлекетінде үйлесімділік пен өзара сыйластық орнатуға тырысқан адам, өз Отанының бейбітшілігі мен гүлденуіне үлес қосып, өзінің тілін, мәдениетін, тарихын, рухани тамырын сыйлайтын ұлтжанды азаматы бола алады.

Жоғарғы оқу орнындағы студенттер үшін бұл құндылықтардың өрісі кеңейіп, өздерін қоғамдық ортада ұстауына, мінез-құлықтарын реттеуіне, іскерлік қарым-қатынас орнатуына, қоғамдық-саяси іс-шараларға белсенді қатысуына негіз береді. Біз оны кешегі президент сайлауы қарсаңында өткен форумда, тағы да басқа іс-шараларға деген студенттердің әлеуметтік, азаматтық белсенділіктерінен байқадық. Олай болса, рухани-адамгершілік құндылықтар жастар тәрбиесінде орын алған жағдайда еліміз мәңгілік ел болып тарихта қалады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Кажығалиева Ж. Ұлттық құндылықтар – рухани адамгершілік тәрбиенің қайнар көзі. //Халықаралық ғылыми-тәжірибе конференция//«Өзін-өзі танудағы озат тәжірибе және педагогикалық шеберлік» 2010. 28-29 сәуір, Арқалық.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан 2050 Стратегиясы: бейбітшілік, руханият және мәдениет. //Ақиқат. № 5. 2014.
3. Үлгілі үйдің ұл-қызы. //құрастырушы Калиев С. Алматы, 2006.
4. Абай. Қара сөздері. Алматы. 2001.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ІЗГІЛІК ТӘСІЛДЕМЕСІ

Қаирова Бекбаян Кусаиновна

психология кафедрасының аға оқытушысы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай, Қазақстан

Қазіргі қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық, психологиялық жаңару үрдістеріне байланысты рухани-адамгершілік құндылықтар құнсызданып, тұлғаның мәдениеті мен білім деңгейі төмендей бастағанда білім беру жүйесін рухани-ізгілендіру мәселесі бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Білім беру жүйесінің негізі еркін, белсенді, мәдениетті, тәрбиелі, білімді, үйлесімді қарым-қатынасқа түсе алатын, айналасындағы адамдармен әріптестік іс-әрекет құра білетін, өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі жүзеге асыру әрекетімен айналыса алатын жас азаматты қалыптастыру болса, онда рухани-ізгілік білім берудің маңызы шешуші орын алады.

Білім беру кеңістігінде білім алушының өзіндік дамуы мен жетілуі мәселесі психология және педагогикадағы гуманистік бағытпен тығыз байланысты. Тұлғаның

табиғи мүмкіндіктерін білім беру жүйесінде өзектендіре отырып, білім алушының өзін-өзі ынталандыруы, жігерлендіруі мен талаптануына негіз беру мәселесі ежелгі грек философы Сократтан бастау алып, А.Маслоудың теорияларында ғылыми тұжырымдалып, Я.А.Коменский, гуманист-педагогтар Ж.-Ж.Руссо, Л.Н.Толстой, П.Ф.Каптерев т.б. еңбектерінде кеңінен орын алды. Білім беру жүйесіндегі гуманистік бағыт тұлғаның туа біткен табиғи мүмкіндіктері мен рухани қажеттіліктерін (өзін-өзі дамытуға, ақиқат дүниені тануға, өз өмірінің мәнін ашуға, қайырымдылық пен үйлесімділік т.с.с.) басшылыққа алып, өмірдің сынақтарынан сүрінбей өтуге, қиындықтарды жеңуге, мақсатына қол жеткізуге қажетті білімдер мен тәжірибемен қаруландыра отырып, сол білімдерін қажетті уақытында әлеуметтік ортада қолдана білуге үйрету.

Қазіргі өзгермелі заманда білім беру жүйесіндегі гуманистік бағытты белсендіру мәселесін ресейде В.В.Краевский, Ш.А.Амонашвили, Е.В.Бондаревская, қазақстанда Х.Т.Шеръязданова, К.Ж. Қожахметова, Г.А.Омарова, Г.М. Қасымова т.б. көтеріп отыр.

К. Роджерстің тұлға теориясында «әрбір ағза өз өмірін қорғау, күту және оны мақсатына бағыттай дамыту мүмкіндігімен жаратылған. Дүниеге келгеннен бастап адамның мінез құлқының негізі жақсылыққа ұмтылу, жақсыларды сезіну, айналасында қоршаған адамдармен, заттармен үйлесімділікте болуға әрекет жасай бастайды. Осы қажеттіліктерінің қанағаттану немесе қанағаттанбауы негізінде тұлғаның жүйелі «шынай Мені» және «идеалды Мені» қалыптасады. «Шынайы Мені» әлеуметтік оңтайлы ықпалдардың негізінде қалыптасса, тұлғаның «идеалды Мені» болашақта оның алдына дамудың жоғарғы деңгейіне көтеретін қажеттіліктерінің туындап және оларды жүзеге асыруда кездесетін қиындықтарды жеңуге, өзін-өзі үнемі дамыту мен жетілдіруге негіз береді. Тұлғаның «шынай Мені» мен «идеалды Мені» өзара үйлесімділікте дамыған жағдайда оның сезімдері, ой-пікірлері, мінез-құлқы, іс-әрекеті тұлғалық өсуді қамтитын үрдісті байқатады. Мұны К.Роджерс «тұлғаның өзектенуі, табиғи мүмкіндіктерін шындауы және жүзеге асыруы» деп атады» [1].

Осыны ескерген ғалым-педагогтар білім беру саласын ізгілік принциптерге негіздей отырып, қазіргі заманның талаптарына сәйкес еркін, шығармашыл, азаматтық позициясы бар, үйлесімді жастарды оқытып, тәрбиелеу мәселесін көтеріп отыр.

Білім беру жүйесін ізгілендіру мәселелерімен айталысатын ғалымдар Ш.А. Амонашвили, Е.В. Бондаревская, Серикова, А.Н. Тубельский, Е.Н. Шиянова, В.А. Ямбург, И.С. Якиманская т.б. пікірінше, қазіргі кезде мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін ізгілендіру қажеттігі туралы мәселе көтеріп отыр.

Мектеп оқушыларының потенциалдық мүмкіндіктерін дамытуды көздей отырып, Ш.А. Амонашвили рухани-ізгілікті педагогиканың манифесін жасады. Онда қазіргі кездегі нұрлы балаларды оқытатын, нұрлы педагогтар қажет. Баланың табиғи мүмкіндіктерін нұрландыратын тек қана бойында ізгілікті қасиеттері ашылған, баланы шын жүрегімен жақсы көретін педагогтар деп есептейді [2]. Осыған байланысты өзі көптеген елдерге іс-сапарлармен шығып, жаңа формадағы нұрлы мұғалім мәселесі бойынша педагогтармен, тәрбиешілермен кездесулер өткізеді. Ол біздің тәуелсіз елімізге бірнеше рет келіп, мұғалімдермен және мұғалімдердің кәсіптік білімін жоғарылату институтының педагогтарына арналған дәрістер, семинар-тренингтер жүргізді.

Қазіргі кезде Ш.А.Амонашвилидің тәжірибесін көптеген елдер мақұлдап, сол бойынша тәжірибелік орталықтар ашуда. Сондай мектептердің бірі Донецк қаласындағы (Украина) орта мектептің биология мұғалімі Виктория Бак басқарады. Ол биология пәнін ізгілік педагогикасы әдістерімен жүргізуде өзінің бірнеше жылғы тәжірибесін жинақтай келе «Биология языком сердце» атты еңбегі жарыққа шығарды. Онда биология пәнін рухани-адамгершілік тұрғыда жүргізудің ғылыми әдістемесін жасаған. Оның осы әдістемесі өз елінде, ресейде енді біздің елде кеңінен қолдануда және жақсы нәтижелер беруде. Сол сияқты Клайпеда қаласында тұратын физика пәнінің мұғалімі Ирен Стульпинене өзінің жинаған тәжірибелерін «Физика языком сердца» еңбегінде бөліскен.

Осы екі педагог өздерінің сабақтарында ізгілік педагогикасы тәсілін жүйелі пайдалану арқылы өз пәндерінің оқушылар үшін ең сүйікті пәніне айналдырған.

Білім беру жүйесі – адамзат баласын ізгілендіретін негізгі фактор болып табылады. Еліміздің жастары балабақшадан, мектептен одан кейін жоғарғы оқу орнында оқыған кездерін қосқанда 3 жастан 22-23 жасқа дейін жиырма жыл бойы ізгілендіру негізінде білім мен тәрбие алса, онда оның жоғарғы интеллектуалды, үйлесімді, рухани-адамгершілік құндылықтары қалыптасқан, өз еркімен жауапкершілікті шешім қабылдай алатын, өз іс-әрекетінің алды артын болжай алатын азамат тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Болашақ жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу педагогикалық үрдіс ретінде - жеке тұлғаны қалыптастыру барысындағы күрделі, мақсатты, жоспарлы процесс және ол мектепке дейінгі мекеме, мектеп, жоғарғы оқу орындарында педагогтардың қызметі негізінде жүзеге асырылады.

Әрбір мұғалім алдындағы баланың жақсы оқып, тәрбиелі болғанын, болашақта одан отанын сүйетін, еліне қызмет ететін азамат болса екен деп армандайды. Бірақ алдында отырған баланың жан дүниесін түсінуге, онымен үйлесімді қарым-қатынас құруға өкінішке орай кейбір мұғалімдер тырыспайды. Көптеген балалар мұғалімнен қорқады, өйткені мұғалім баланың қорқуы үшін бәрін істеді. Кейбір мұғалімдер «егер бала менен қорықса, мені сыйлайды» деп ойлайды. Сол себепті баланы ұрысып, абыройын түсіріп, өзіне деген сенімін, оқуға деген қызығушылығын төмендетеді. Сондықтанда Ш.А. Амонашвили, Х.Т.Шерьязданова, Г.А.Омарова т.б. ғалымдардың пікірінше бүгінгі күні мұғалімнің рухани дүниесін реформалау қажеттігі өмір талабынан туындап отыр. Егер мұғалім білім беру кеңістігінде баланың оқу қабілетін тудыратындай комфортты психологиялық атмосфера жасай алса, балалардың білуге деген қажеттілігі, оқуға деген ынтасы мен қызығушылығы артар еді.

Мұғалімнің комфортты психологиялық атмосфераны жасау жолдары:

- Оқыту, тәрбиелеу үрдісінде бұйырып емес, сұрау, кеңес беру әдісін қолдану;
- Әрбір туындаған әлеуметтік жағдаяттарды шешуде түсіністік, сыйластық таныту;
- Сабақты, тәрбие жұмыстарын алдын ала мұғалім өзі анық, айқын түсініп алып, ұйымшылдықты талап еткенде оқушыларға нақты талаптар қоя білу;
- Сабақ кезінде, сабақтан тыс кезде эмоционалдық жеңілдеу үшін өсиет әңгіме, қанатты сөздерді немесе төрт шумақ орынды өлеңдер оқып, оны балалармен талқылап терең мағынасын ашу;
- Балаларға деген өзінің сүйсіспеншілігін, олардың дара және жеке ерекшеліктерін жан дүниесімен қабылдау, балаларды тыңдай білетін және кешіре білетін сездіру;
- Әр баланың ішкі рухани құндылықтары мен мүмкіндіктерін мойындау және оны ашуға көмектесу, сол арқылы өзін-өзі тануға, жетілдіруге, жүзеге асыруға ынталандыру;
- Әр баланың жақсы істерін, өз еркімен қол жеткізген жетістіктерін мадақтау, осындай жетістікке әр баланың мүмкіндігі барына сендіру;
- Дүниеге ешкім ғалым немесе атақты болып келмейді, ол көп еңбектенудің, ізденудің, шығармашылық жұмыстармен айналысудың нәтижесінде келетінін ұғындыру;
- Бала мен мұғалімнің құқығы бірдей, ал педагог балаға педагогикалық-психологиялық кеңестер мен білім беру арқылы саналы азамат болып қалыптасуына көмектесу үшін өзара біріккен іс-әрекет атқаратындықтарын түсіндіру [3].

Баламен ортақ үйлесімді қарым-қатынас құра білу, оның жан дүниесін түсініп, жақсы істерге ынталандыра білу арқылы ғана оның оқуға деген қызығушылығын, өзіне деген сенімін, қиындықтарды жеңіп, жеңіске жетуге деген талпынысын көтеруге болады. Бұл тек педагогтардың қолында, оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үнемі қолдау көрсете отырып, оқу үрдісін шығармашылық дәрежеге көтеру. Егер әр педагог өзінің кәсіптік іс-әрекетіне ізгілік тұрғыдан келсе, білім беру жүйесін толық ізгілендіруге болар еді.

Қазіргі кезде мемлекетіміз осыны түсіне отырып, педагогтардың кәсіптік деңгейін көтеруге барлық жағдайларды тудырып отыр, мысалы үш айға дейін білімін жоғарылату семинар-тренингтері, Н.Ә.Назарбаев университетінде шетелдік ғалымдардан дәрістер алу,

тәжірибе алмасу, жақын, алыс шетелдерге тәжірибе алмасу, білімін жоғарылатуға іссапарларға бару, сонымен қатар кәсіби деңгейі жоғары педагогтарға жоғарғы жалақы төлеу т.с.с. Мұның бәрі педагогтардың өз іс-әрекетіне кәсіби жағынан да рухани-адамгершілік жағынан да жауапкершілігін көтеруге бағытталған.

Адамзат махаббатсыз, өзара түсініксіз биік армандарға жете алмайды. Олай болса, білім беру жүйесінде тек материалдық жағдайды жасау арқылы оқушыларымызды биік мұраттарға жетелей алмаймыз. Материалдық жағдай болмаған кезде де оқушылар ғылымның ған емес жоғарғы рухани-адамгершілік құндылықтарға да ие болғанын тарих көрсетті. Бүгінгі ХХІ ғасырда, оқушыларымызға рухани құндылықтар, адами қасиеттер негізіндегі қарым-қатынастар жетіспей жатқанын тағы да өмір көрсетіп отыр.

Ойымды қорыта келе ойлау қабілеті терең, шығармашылық, ізденушілік мүмкіндігі ашылған, елі үшін, Отаны үшін адал еңбек етуге деген сезімі қалыптасқан тәуелсіз еліміздің еркін азаматын тәрбиелеу, бүгінгі күні педагогтардың қолында десек қателеспейміз. Сөзімді Қарағанды мемлекеттік университетінің бұрынғы ректоры Е.А.Букетовтің мына бір қанатты сөзімен аяқтағым келеді «оқушыға берген жақсылығы мен тәлім-тәрбиесі арқылы әрбір мұғалім оқушыларының жүрегінде мың жасайды». Қандай мұғалім мың жасайды, ал қандай мұғалім жаман атқа ие болады, оны әрбір мұғалімнің еркіне берейік.

Қолданылған әдебиеттер

1. Роджерс К. Гуманистическая теория личности //Под ред. Л.Хьюэлл, Д.Зиглер Теории личности. СПб Питтер. 2 –ое изд. 2012. 608 с.
2. Амонашвили Ш.А. Антология гуманной педагогики. –М.; 2002. 312
3. Макажанова Ы.А., Омарова Г.А. Методика преподавания дисциплины «Самопознание» в школе. Учебно-методические пособие для учителей. Алматы, 2013. 129 с.

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕТОДОВ ОТБОРА НА ГОСУДАРСТВЕННУЮ СЛУЖБУ (ситуационные задачи и проблемные ситуации)

Кемайкина Татьяна Нигматовна

кандидат педагогических наук, доцент
Евразийский гуманитарный институт

Значение государственной службы в Республике Казахстан с каждым годом всё возрастает. Это связано, прежде всего, с тем, что услугами государственных служащих пользуются все современные государства независимо от их государственного устройства, формы правления или политического режима. Именно они выполняют все задачи и функции, которые цивилизованное общество сегодня возлагает на свое государство.

В связи с данной тенденцией требования к государственным служащим со временем всё более ужесточаются. Так, в настоящее время от них требуется не только дисциплинированность и исполнительность, но и высокая квалификация, инициативность, способность быстро и грамотно решать задачи различной сложности, также способность оперативно реагировать на принятые нововведения и уметь действовать в условиях изменившейся ситуации. От государственных служащих сегодня требуются знания и умения по проблемным вопросам экономики, юриспруденции, политологии и т.д.

В соответствии с Концепцией, утвержденной Главой государства в июле 2011 года, в настоящее время сформирована новая модель казахстанской государственной службы. Основопологающие принципы новой модели: подотчетность обществу; транспарентность (прозрачность); меритократия (признание личных заслуг и достижений при поступлении и продвижении по службе). Создание новой модели осуществлялось с учетом лучшей международной практики, при этом, не является копией зарубежных моделей. Создание управленческого корпуса «А» и сокращение количества политических должностей в 8 раз